

## Оңтүстік Қазақстан облысында жер қатынастары саласында жүргізілген сыртқы талдау жұмыстары барысындағы азаматтардан келіп түскен сұрақтар мен жауаптар

2017 жылдың 17 қарашасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің ОҚО бойынша департаменті (*әрі қарай - Департамент*) мен облыс әкімдігі арасында **меморандумға** кол қойылды.

Аталған меморандум аясында Департаментпен мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдеріне қатысты бұзушылықтар көп кездесетін жер қатынастары саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілді.

Талдау барысында жер қатынастары саласын жан-жақты зерделеу, жетілдіру мақсатында халықтың ұсыныстары мен пікірін қамту мақсатында Департаментпен арнайы [taldau2018@mail.ru](mailto:taldau2018@mail.ru) **электронды поштасы** әзірленіп, жұмыс істеді.

Жоғарыда аталған электронды поштаға азаматтардан жер саласына қатысты келіп түскен сұрақтарға жер саласындағы уәкілетті органдармен тиісті жауаптар дайындалды.

### Жер қатынастары саласына қатысты сұрақтар мен оларға жауаптар

№	Сұрақ	Жауап
1.	<p>Мен, Медеуова Гаухар 2004 ж. 13 қыркүйекте жер телімі кезегіне тұрған едім.</p> <p>Бүгінге дейін (13 жыл өтті) осы жер телімін ала-алмай жүрмін. 2008 ж. мен №754, 2015ж.-№769, 2016ж.-№771, ал 2017ж.-№760 санымен кезектемін. 2008 ж. бері не деген жылжымайтын кезек (9 жылдан бері)?</p> <p>Ал қазіргі таңда бізге "Жилстройсбербанк" арқылы ақша жинап, сонан соң үй сатып алуға ұсынуда. Мен ол ақшаны жиамын дегенше тағы 13 өтетін шығар (13 жылдан кейін менің жасым 68-де болады). Ол кезде маған үйде, жерде керек болмайтын шығар. Сол үйді осы кезекпен (№760) қазір беріп, сомасын жайлап төлей беруге болады ма (68-ге дейін)?!</p> <p>Байланыс: 8-747-511-1262 Гаухар Медеуова medeuova62@mail.ru</p>	<p><b>Құрметті Гаухар Медеуова!</b></p> <p>Жер кодексінің 44-1-бабына сәйкес, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері сұратылған кезде азаматтардың өтініштері (қолдау хаттары) арнайы есепке алынады және бөліп берілетін алаңдардың дайын болуына қарай не жеке тұрғын үй құрылысы үшін пайдаланылатын бос аумақтар бар болған кезде қанағаттандырылады.</p> <p>Аталған қағидаларға сәйкес, Сіздің жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін сұрап жазған 13.09.2004 жылғы №М-11694 санды өтінішіңіз жалпы тізімдегі №751 санымен кезекте тіркелген. Қазіргі уақытта, Шымкент қаласы аумағында жеке тұрғын үй құрылысын салуға ниет білдірген 120 000 астам өтініш саны тіркелген.</p> <p>Қазіргі таңда, қала аумағында нақты жоспарлау жобалары дайындалып, бөлінетін жерлердің инженерлік инфрақұрылым жүйелері жүргізіліп, арнайы алаңшалар дайындалуда.</p> <p>Бұл ретте, заңнамада азаматтық өтініштерді кезектен тыс қарау үшін жеңілдіктер қарастырылмағанын қосымша атап өтеміз.</p> <p>Сонымен қатар, жер учаскесі берілген жағдайда, өтініште көрсетілген мекенжайыңызға тиісті ақпарат жолданатындығын және БАҚ-та (Шымкент қаласы әкімдігінің ресми <a href="http://shymkent.gov.kz">shymkent.gov.kz</a> сайтында) жарияланатындығын хабарлаймыз.</p> <p>Егер, жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін алуға кезекке тұрған жағдайда, мүдделі тұлғалар бақылау карточкасымен немесе кезекке тұрғандығыңызды дәлелдейтін жазбаша түрде берілген хатыңызбен Жангелдин көшесі, №13/5 мекенжайында орналасқан Шымкент қаласының жер қатынастары бөліміне өз кезегін білу мақсатында жүгінуге болатынын атап өтеміз.</p>
2.	<p>Мен, Ибрагимова Айгерим Илесовна ИИН 860713402512, сізге хат жазуымның себебі мен 12.07.2016 жылы ОҚО «Шымкент қаласының</p>	<p><b>Құрметті Айгерим Илесовна!</b></p> <p>Жер кодексінің 44-1-бабына сәйкес, хатта көрсетілген кедергілер жойылып, Сіздің жеке тұрғын үй құрылысына</p>

	<p>жер қатынастары бөліміне» тиесілі тұрғын үй құрылысы үшін 0,10 га жер теліміне кезек тұруға арыз жазған болатынымыз, алайда маған кезекке тұруыма кедергі анықталды.</p> <p>Мен Жангельдин көш., №13/5 корпусы мекен жайында орналасқан Шымкент қаласы жер қатынастары бөлімінің операциялық залының 4 терезесінен анықтама алғанымда менің атымда жер телімінің бар екені анықталды, алайда мен ол жерге еш қатысым жоқ, мен ешқашан жер сатып алған емеспін және атыма ешқандай жер тіркелмеген, оған куә ХҚКО-нан атымда ешқандай мүлік, жер жоғын растайтын анықтама және мекен жай анықтамасы куә.</p> <p>Сіздерден өтінішім атымда мүлік, жер жоқ деген анықтама берсеңіз және менің атыма тіркелген жер қате шығуына байланысты базадан тазаласаныз деген өтінішім.</p> <p>Байланыс Айгерим Илесовна <a href="mailto:gerusha@mail.ru">gerusha@mail.ru</a></p>	<p>жер учаскесін сұрап жазған 12.07.2016 жылғы өтінішіңіз негізінде жалпы тізімдегі №112079 санымен кезекке тіркелгенсіз.</p> <p>Осы кодекстің талаптарына сәйкес жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері тек инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақтардан беріледі.</p> <p>Қазіргі таңда, қала аумағында нақты жоспарлау жобалары дайындалып, бөлінетін жерлердің инженерлік инфрақұрылым жүйелері жүргізіліп, арнайы алаңшалар дайындалуда.</p> <p>Бұл ретте, заңнамада азаматтық өтініштерін кезектен тыс қарау үшін жеңілдіктер қарастырылмағанын қосымша атап өтеміз.</p> <p>Сонымен қатар, жер учаскесі берілген жағдайда, өтініште көрсетілген мекенжайыңызға тиісті ақпарат жолданатындығын және БАҚ-та (Шымкент қаласы әкімдігінің ресми <a href="http://shymkent.gov.kz">shymkent.gov.kz</a> сайтында) жарияланатындығын хабарлаймыз.</p> <p>Егер, жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін алуға кезекке тұрған жағдайда, мүдделі тұлғалар бақылау карточкасымен немесе кезекке тұрғандығыңызды дәлелдейтін жазбаша түрде берілген хатыңызбен Жангелдин көшесі, №13/5 мекенжайында орналасқан Шымкент қаласының жер қатынастары бөліміне өз кезегін білу мақсатында жүгінуге болатынын атап өтеміз.</p>
3.	<p>Сәлеметсіздерме. Осыдан 5 жыл бұрын жерге кезекке тұрған едім. Сол жер беріле ма.</p> <p><a href="mailto:jasik_5255@mail.ru">jasik_5255@mail.ru</a></p>	<p>Жер кодексінің 44-1-бабына сәйкес, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері сұратылған кезде азаматтардың өтініштері (қолдау хаттары) арнайы есепке алынады және бөліп берілетін алаңдардың дайын болуына қарай не жеке тұрғын үй құрылысы үшін пайдаланылатын бос аумақтар бар болған кезде қанағаттандырылады.</p> <p>Осы кодекстің талаптарына сәйкес жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері тек инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақтардан беріледі.</p> <p>Қазіргі таңда, қала аумағында нақты жоспарлау жобалары дайындалып, бөлінетін жерлердің инженерлік инфрақұрылым жүйелері жүргізіліп, арнайы алаңшалар дайындалуда.</p> <p>Бұл ретте, заңнамада азаматтық өтініштерін кезектен тыс қарау үшін жеңілдіктер қарастырылмаған.</p> <p>Осыған орай, жер учаскелеріне инфрақұрылым жүйелері жүргізілген жағдайда жер учаскелері табысталатындығын хабарлаймыз.</p> <p>Егер, жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін алуға кезекке тұрған жағдайда, мүдделі тұлғалар бақылау карточкасымен немесе кезекке тұрғандығыңызды дәлелдейтін жазбаша түрде берілген хатыңызбен Жангелдин көшесі, №13/5 мекенжайында орналасқан Шымкент қаласының жер қатынастары бөліміне өз кезегін білу мақсатында жүгінуге болатынын атап өтеміз.</p>
4.	<p>Каков порядок создания ЖСК для ИЖС с учетом очередности на получение государственных земельных участков 0,1 га (10 сотки).</p> <p><a href="mailto:abuov_chwork@mail.ru">abuov_chwork@mail.ru</a></p>	<p>На Ваше обращение сообщаем, что согласно ст.44-1 Земельного Кодекса, при испрашивании земельных участков для индивидуального жилищного строительства заявления (ходатайства) граждан берутся на специальный учет и удовлетворяются по мере подготовки площадок для отвода либо при наличии свободных территорий, используемых для индивидуального жилищного</p>

		<p>строительства.</p> <p>При предоставлении земельных участков для индивидуального жилищного строительства на бесплатной основе учитывается наличие или отсутствие у гражданина земельных участков, права на которые были предоставлены государством для индивидуального жилищного строительства.</p> <p>Для получения земельных участков граждане подают заявление в произвольной форме в канцелярию Акимата города. К заявлению прилагают копию удостоверения личности.</p> <p>Ваши заявления берутся Акиматом на специальный учет на основании заключения Земельной комиссии.</p> <p>После подготовок площадок для отвода и проведения инженерных сетей, земельные участки будут предоставляться в порядке очереди.</p>
5.	<p>Ассалаумағалейкүм талдау агенттігі Абай ауданы Жидели елди мекени турғынымын аке шешемиз сср кезінде жұмыс истеди бирак биздин 2030 коператив басшылары ауыл турғындарына жер беремиз деп кургак уаде берип келеди битип жаткан бир ис жок тексерулеринизди отинем.</p> <p>Бизде уй жайы жок жастар коп неге соларга жер бермейди бос жер коп ауылдын маңында кайта шеттен келгендер жер алып жатыр жастарды колдаса жаксы болар еди жер берсе оз уй согып алар еди.</p>	<p>Жер кодексiнiң 101-бабына сәйкес, үлестiк меншiкке (үлестiк жер пайдалануға) қатысушылар болып табылатын және шаруа немесе фермер қожалығын не тауарлы ауыл шаруашылығы өндiрiсiн жүргiзу үшiн қатысушылар құрамынан шығатын азаматтарға жер учаскелерi осы Кодекстiң 54-бабына сәйкес үлестiк меншiкке (үлестiк жер пайдалануға) қатысушылардың жалпы жиналысы бекiткен үлестiк меншiктегi (үлестiк жердi пайдаланудағы) жер учаскесiн пайдалану тәртiбiне сәйкес берiледi.</p> <p>Үлестiк меншiкке (үлестiк жер пайдалануға) қатысушыларды жер учаскелерiн пайдалану тәртiбiн бекiту жөнiндегi алдағы жиналыс туралы хабардар ету ол өткiзiлетiн күнге дейiн кемiнде бiр ай қалғанда қолхат алу арқылы жазбаша нысанда жүргiзiледi. Тиiсiнше хабардар етiлген жағдайда жиналыс үлестiк меншiкке (үлестiк жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкiлдерiнiң кемiнде елу пайызы қатысқан кезде заңды деп есептеледi.</p> <p>Шешiм жиналысқа қатысып отырған үлестiк меншiкке (үлестiк жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкiлдерiнiң жай көпшiлiк дауысымен қабылданады және хаттамамен ресiмделедi.</p> <p>Қатысып отырған үлестiк меншiкке (үлестiк жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкiлдерiнiң барлығы хаттамаға қол қояды.</p> <p>Осыған орай, өз үлесiн бөлiп алуға ниеттенген азаматтар, Шымкент қаласының әкiмiне өтiнiш беруi қажет. Өтiнiшiңiз 30 күн iшiнде қаралып, жер заңнамаларына сәйкес тиiстi құқықтар беру туралы қаулы қабылданады.</p> <p>Сонымен бiрге, Шымкент қаласы әкiмiнiң кеңсесi (Фронт-офис), Рысқұлов көшесi, №8 А ғимаратында орналасқанын атап өтемiз.</p>
6.	<p>1993 жылы 49 жылға арендаға алған дихан баба шаруа қожалығын құжаттары әкеден балаға ауысқанда (әкем қайтыс болған) салғырттықпен куәлік алынбай қалған (свидетельство) сол куәлікті қкй жерден қалай алуға болады</p> <p>Менің ұсынысым: бұрынғы совхоз кезінде алынған жер телімдерін жергілікті әкімшілік арқылы куәләндырып жаңа құжат жасалса, жайылым жер мен суармалы жер құжаттары ажыратылып жасалса тағы да атаулары жоқ немесе совхоз тарағандықтан бөлімшелердің</p>	<p>Жер кодексiнiң 101-бабына сәйкес, үлестiк меншiкке (үлестiк жер пайдалануға) қатысушылар болып табылатын және шаруа немесе фермер қожалығын не тауарлы ауыл шаруашылығы өндiрiсiн жүргiзу үшiн қатысушылар құрамынан шығатын азаматтарға жер учаскелерi осы Кодекстiң 54-бабына сәйкес үлестiк меншiкке (үлестiк жер пайдалануға) қатысушылардың жалпы жиналысы бекiткен үлестiк меншiктегi (үлестiк жердi пайдаланудағы) жер учаскесiн пайдалану тәртiбiне сәйкес берiледi.</p> <p>Үлестiк меншiкке (үлестiк жер пайдалануға) қатысушыларды жер учаскелерiн пайдалану тәртiбiн бекiту жөнiндегi алдағы жиналыс туралы хабардар ету ол</p>

	<p>атаулары жойылып кеткен сондықтан оларға жаңа атау берілсе мен 2-3 жылдан бері өзімнің бұрынғы үй мен қораға алған жерімді заңдастыра алмай жүрмін. Менің бұл жерге 25-жылдан астам еңбегім сіңген қора-қопсығым шаруашылығым бар, мен мал басын кобейтіп шаруашылығымды ары карай дамытсам деймін.</p> <p><a href="mailto:mobilarys731@gmail.com">mobilarys731@gmail.com</a></p>	<p>өткізілетін күнге дейін кемінде бір ай қалғанда қолхат алу арқылы жазбаша нысанда жүргізіледі. Тиісінше хабардар етілген жағдайда жиналыс үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің кемінде елу пайызы қатысқан кезде заңды деп есептеледі.</p> <p>Шешім жиналысқа қатысып отырған үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.</p> <p>Қатысып отырған үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің барлығы хаттамаға қол қояды.</p> <p>Осыған орай, өз үлесін бөліп алуға ниеттенген азаматтар, Шымкент қаласының әкіміне өтініштену қажет. Өтінішіңіз 30 күн ішінде қаралып, жер заңнамаларына сәйкес тиісті құқықтар беру туралы қаулы қабылданады.</p> <p>Сонымен бірге, Шымкент қаласы әкімінің кеңсесі (Фронт-офис), Рысқұлов көшесі, №8 А ғимаратында орналасқанын атап өтеміз.</p>
7.	<p>Сәлеметсіздерме. Менің аты жөнім Сыдықов Дархан Ерсинбекович. Мен Жаңаталап тұрғын алабында тұрамын.</p> <p>2007 жылы ауыл әкімінің шешімімен 8 соттық жер учаскесін алып, үй тұрғызып 10 жылға жуық тұрып келемін. Сол жылдары біз Сайрам ауданына қарасты едік және үй құжатында ешқандай кемістік жоқ болған. Қалаға, яғни Абай ауданына қосылғанда бұрын шығарылғын шешімде жер тек шаруашылық жүргізу мақсатына берілгенін анықтадық.</p> <p>Абай ауданы әкіміне жер мақсатын өзгертуге өтініш жасап 3 рет комиссия өтінішімді қабылдамай қойды. Себебі қаланың бас жоспары шықпағандықтан. 4 жылдан бері шықпайтын қандай жоспар ол сонда? Қашанғы күтеміз ол жоспарды? Ұсынысымыз сол жоспарды тез бітірсе екен.</p>	<p><b>Құрметті Дархан Ерсинбекович!</b></p> <p>Жер кодексінің 49-1-бабына сәйкес, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту қаланың Бас жоспарына және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес жүргізіледі.</p> <p>Тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындайды.</p> <p>Осыған орай, Бас жоспар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бекітілгеннен кейін, Сіз, Шымкент қаласы әкімдігі (фронт-офис), ХҚКО немесе электрондық үкімет вэб-порталы арқылы қайта өтініш беруіңізге болады.</p> <p>Сонымен бірге, Шымкент қаласы әкімінің кеңсесі (Фронт-офис), Рысқұлов көшесі, №8 А ғимаратында орналасқанын атап өтеміз.</p>
8.	<p>Сәлеметсіз! Менің сіздерге қойар сұрағым. ОҚО, Арыс ауданы, Ақдала а/о. №45. 07.05.2007 ж. ар.Карабекова Замира, Жеке тұрғын үй салу үшін 2500 шаршы метр берілген. Жер учаскесінің кадастрлық нөмері 19-287-005-032. Жер учаскесінің қайта тіркеу, оның нысаналы мақсатын өзгерту, жердің шекараларын белгілеу жөнінде. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, мал бордақылау алаңын салу үшін, шешімді өзгертуге көмектесулеріңізді сұраймын.</p> <p>Байланыс <a href="mailto:mobilarys731@gmail.com">mobilarys731@gmail.com</a></p>	<p><b>Құрметті Карабекова Замира,</b> Сіздің сұрағыңызға байланысты төмендегі жауапты назарыңызға ұсынамыз.</p> <p>Сіз, 2007 жылы Арыс қаласының арнайы жер қорының 001 кварталынан тұрғын үй және қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін 0,25 га (кадастрлық нөмері 19-287-005-032) жер учаскесіне пайдалану құқығын алғансыз. Егер осы жер учаскесінің пайдалану мақсатын өзгертуді жоспарлаған болсаңыз Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 49-1 бабының және «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» стандартының талабын басшылыққа ала отырып, ХҚКО-ғы немесе EGOV электронды порталы арқылы Арыс қаласы әкімінің атына өтініш жазасыз. Кезегіне қарай жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтінішіңіз, Арыс қалалық әкімдігінің жанынан құрылған жер учаскесін беру комиссиясында қаралып, тиісті қорытынды қабылдайтын болады. Өтінішті қарау нәтижесімен комиссия оң қорытынды берген жағдайда, осы қорытынды негізінде «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕ АҚ ОҚО бойынша филиалы «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру» департаментінің Арыс қалалық бөлімшесінен жер кадастрлық жоспарын дайындап, Арыс қаласы әкімдігіне</p>

		<p>ұсынасыз. Ұсынылған жер кадастрлық жоспарға және комиссияның оң қорытындысына сәйкес, Арыс қаласы әкімінің 0,25 га жер учаскесіне мақсатын өзгерту туралы қаулысы шығады. Ары қарай Арыс қаласы әкімінің берген қаулысы негізінде «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру» департаментінің Арыс қалалық бөлімшесінен сәйкестендіру құжатын (мемлекеттік АКТ-і) қайта рәсімдеп, жер учаскіңізді мақсатына сәйкес пайдалана аласыз.</p>
9.	<p>Как можно быстро изменить назначение земельного участка, какую помощь можете предложить? <a href="mailto:logoste88logoste@gmail.com">logoste88logoste@gmail.com</a></p>	<p>На Ваше обращение сообщаем, что согласно ст.49-1 Земельного кодекса, для изменения целевого назначения земельного участка Вам необходимо подать заявление в Акимат города по месту нахождения земельного участка.</p> <p>Подать заявление можно через канцелярию Акимата (фронт-офис), через ЦОН и через вэб-портал электронного правительства. Срок оказания государственной услуги составляет 30 календарных дней.</p> <p>С инфографическим алгоритмом по данному вопросу Вы можете ознакомиться на официальном сайте (<a href="http://shymkent.gov.kz">shymkent.gov.kz</a>) Акимата города Шымкент.</p> <p>Так же, информируем о том, что канцелярия Акимата города Шымкент (Фронт-офис), расположена по адресу ул.Рыскулова, №8 А.</p>
10.	<p>Здравствуйге! У меня есть 4 участка по 10 соток по адресу г.Шымкент между поселком Бозарык и дачей Кайнар Булак. Покупал я их в 2007 году. Платил налоги, Участки под ИЖС и Крестиянское хозяйство. После перехода из Сайрамского района в Каратуский район налоги очень сильно повысились! Теперь мне в архитектуре не дают разрешения на строительство, а также не предоставляют документы о запрете на строительство! Что мне делать дальше?! Кому обращаться?!</p> <p>Құрманәлі Сүгір Шымкентбайұлы 8-701-342-92-77 8-705-151-41-20</p>	<p><b>Уважаемый Сүгір Шымкентбайұлы!</b></p> <p>На Ваше обращение сообщаем, что все разрешения на строительства и изменение целевого назначения земельного участка выдаются согласно Генеральному плану и проекту детальной планировки (ПДП) города.</p> <p>Поэтому, Ваш земельный участок может не соответствовать Генеральному плану и ПДП города.</p> <p>Для решения Вашего вопроса, рекомендуем Вам обратиться в отдел архитектуры и строительства города Шымкент расположенный по адресу ул.Туркестанская 11.</p>
11.	<p>Әссәләмуәлейкум. Солтүстік саяжай дачный массивтегі учасоктар снос деп акт приёмка бермейді. Кезінде жерді сатып алдық тегінде емес. Үй соқтық енді кеп тіркемейді. Сонда біз өмір бойы квартирант боп жүре береміз бе? Достықтың арт жағында автоцон жақта. <a href="mailto:muslim_77_77@mail.ru">muslim_77_77@mail.ru</a></p>	<p>Қандай да бір объектінің құрылысын бастау үшін ең алдымен қаланың Бас жоспарына және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес рұқсат берілген соң, жер учаскесіне үй құрылысын жүргізу үшін құрылысқа рұқсат алу қажет.</p> <p>Қазіргі таңда, Сіздің сұрағыңызда көрсетілген мәселелер заңнама талаптарына қайшы келуіне байланысты, салынып біткен жеке тұрғын үйді пайдалануға қабылдау актісін алу мүмкіндігі болмауда.</p> <p>Осыған байланысты, толық ақпарат алу үшін, Сіз Шымкент қаласы, Түркістан көшесі № 11 мекен жайы бойынша орналасқан Шымкент қаласының сәулет және қала құрылысы бөліміне жүгінуіңізге болатындығын атап өтеміз.</p>
12.	<p>Жер алған едім шешіммен қалай өзімнің атыма аударып госакты алсам болады. <a href="mailto:kayrat_esen@mail.ru">kayrat_esen@mail.ru</a></p>	<p>Сіздің өтінішіңіз азаматтық мәселе болуына байланысты, Сіз нотариусқа жүгініп, жер учаскеніңізге заң бойынша сату-сатып алу келісімшарты арқылы өзіңіздің атыңызға аударып, Әділет басқармасына тіркейсіз.</p> <p>Тірделген құжаттармен Жер кодексінің 43-бабының мемлекет меншігіндегі жер учаскесіне құқық беру тәртібіне сәйкес, жергілікті атқарушы органға өтініш білдіру қажет.</p> <p>Аталған өтінішіңізге сәйкес, жерге орналастыру жобасы</p>

		жасалып бекітілгеннен кейін, ХҚКО арқылы Кадастр департаментіне сәйкестендіру құжатын алу үшін жүгінуіңіз қажет екендігін атап өтеміз.
13.	Ескі жер планын жаңарту үшін не істесек болады көмектессеңіздер. <a href="mailto:jarailim062@gmail.com">jarailim062@gmail.com</a>	Жер кодексінің 153-бабының 9-тармағына сәйкес, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу қызмет түріне жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру жатады. Ескі жер планын жаңарту үшін, Сізге ХҚКО арқылы Кадастр департаментінен жаңа үлгідегі сәйкестендіру құжатын (госакт) алуға болады.
14.	Марал Арысова <a href="mailto:akkom4kz@gmail.com">akkom4kz@gmail.com</a> Бізде жер бар бірақ өз атымызға өткізу үшін көк қағазы керек деиді, көк қағаз нмексте жоғалып кеткен енді не істеіміз. Қандай құжат дайындаймыз Жер керек қалаи алам өзімнің жеріме құжат қалаи туралаймын.	<b>Құрметті Марал Арысова!</b> Жер Кодексінің 153-бабының 9-тармағына сәйкес, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу қызмет түрлеріне жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындауды және беру жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыруды орталық уәкілетті орган жүзеге асырады. Сіздің өтінішіңіз азаматтық мәселе болуына байланысты, Сіз нотариусқа жүгініп, жер учаскеңізге заң бойынша сату-сатып алу келісімшарты арқылы өзіңіздің атыңызға аударып, Әділет басқармасына тіркейсіз. Осыған орай, меншік иесі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру» департаментіне жүгініп, жаңа госакт алады.
15.	Арыс қаласы Әкімдігінің қаулысынан үзінді Кеш жарық! Мен Шурабекова Гүлмира Әбдімәлікқызы 14.04.1965. Алтын алқа иесі. Оңтүстік Қазақстан Арыс қаласы әкімдігінің 10.10.2008 жылғы № 568 қаулысы бойынша Талдықұдық Тұрғын ауданынан жер аумағы 800;0 ш.м. Шурабекова Гүлдіана атына және Шурабекова Фариданың атына дәл осындай көлемде 800;0 ш.м. жер учаскесіне жекеменшік құқығын беретін АКТ қағазын өз атыма ауыстырсам деген едім. Осы сұрағыма толыққанды жауап берсеңіздер екен? Гүлмира шурабекова < <a href="mailto:shurabekova1965@mail.ru">shurabekova1965@mail.ru</a> >	<b>Құрметті Гүлмира Әбдімәлікқызы!</b> Шурабекова Гүлдіана мен Шурабекова Фаридана қала әкімдігінің қаулысымен жер телімі рәсімделген болса, мемлекеттік актіні (госакті) рәсімдеу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕ АҚ ОҚО бойынша филиалы «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру» департаментінің Арыс қалалық бөлімшесіне өтініш білдіру қажет. Мемлекеттік актіні Шурабекова Гүлдіана мен Шурабекова Фариданың атына рәсімдеп алғаннан кейін, жеке нотариус арқылы өз атыңызға рәсімдеп алуға болатынын хабарлаймын.
16.	Сәлеметсіз ба? Менің сіздерге қояр сұрағым. Үй мәселесі, үй қайны атамның артында жазылған ол кісі қайтыс болғанына 4-5 жыл болды. Енем екеуі заңды некеде. Үйді қалай енемнің артына аударсақ болады. <a href="mailto:va_vengeldi@mai.ru">va_vengeldi@mai.ru</a>	Жер Кодексінің 153-бабының 9-тармағына сәйкес, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу қызмет түрлеріне жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындауды және беру жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыру орталық уәкілетті орган жүзеге асырады. Сіздің өтінішіңіз азаматтық тәртіппен шешіледі. Осыған орай, Сіз азаматтық мәміле жасау үшін нотариусқа жүгініп, енеңіздің атына заң бойынша мұраға қалдыру куәлігін алып, Әділет департаментін тіркейсіз. Содан кейін, Сіз «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру» департаментіне жүгініп, жаңа госакт аласыз.
17.	Жер қатынастары жайлы мәліметтер <a href="mailto:ergeshev_asan@mail.ru">ergeshev_asan@mail.ru</a>	Шымкент қаласының жер қатынастары бөлімі Шымкент қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Жер қатынастары бөлімі жер балансын есепке алу мен

		<p>түгендеу жұмыстарын, мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау, иесі жоқ жер учаскелерін анықтау және оларды есепке алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының жер учаскелерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау кіреді.</p> <p>Аталған бөлім Шымкент қаласы, Ә.Жангельдин к., №13/5 мекенжайында орналасқан.</p> <p>Толық мәліметті <a href="http://jerkatinasi.gov.kz">jerkatinasi.gov.kz</a> сайтынан білуге болатындығын хабарлаймыз.</p>
18.	<p>Қайырлы кеш!</p> <p>Бізде жер мәселесі бойынша шешілмеген проблема бар еді. Алғалы жатқан жер учаскесінің құжаттары бойынша, тек қана "Әкімнің жер беру туралы шешімі" бар, "ГОСТ Акт" жоқ. Мұрағаттан тексергенде құжаттардың түбіртегі жоқ. Егер жерді сатып алар болсақ, құжаттарды заңды түрде жасауға бола ма?</p> <p>Алдын ала Рахмет. <a href="mailto:asem8585@list.ru">asem8585@list.ru</a></p>	<p>Азаматтық кодекстің 118-бабына сәйкес, егер осы Кодексте және «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше белгіленбесе, жылжымайтын мүлікке құқықтар (құқықтар ауыртпалықтары) мемлекеттік тіркелген кезден бастап туындайды, өзгереді және тоқтатылады.</p> <p>Сонымен қатар, Азаматтық кодекстің 267-бабына сәйкес, егер мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның заңдарға сәйкес келмейтін қалыпты немесе жеке құжат шығаруы салдарынан меншік иесінің және басқа адамдардың өзіне тиесілі мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі құқықтары бұзылса, мұндай құжат меншік иесінің немесе құқығы бұзылған адамның талап қоюы бойынша сот тәртібімен жарамсыз деп танылады.</p> <p>Осыған байланысты, аталған заңнамалады басшылыққа алып, Сізге жер учаскенізге тиісті құқықтарды беретін құжаттарды қалпына келтіру үшін, сот органдарына жүгінуіңіз қажет.</p>
19.	<p style="text-align: center;"><b>БОЗАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМШІЛІГІ.</b></p> <p>Сарыағаш ауданына қарасты Бозай ауылдық округінде елді мекен ішіндегі 5-жылдан 20 жылға дейінгі пайдаланудағы тұрғын үйлер құжаттарын түгендеу барысында бірқатар қиыншылықтар туындап отыр. Атап айтқанда елді мекендердің бас жоспарлары болмағандықтан пайдаланудағы тұрғын үйлерді құжаттандыру барысында осындай өзекті (ауыл әкімінің шешімі) мәселелер шешілмей отыр. Осы рәсімдер көп уақытты жұмсауды талап етеді, сол себепті жер қатынастары саласындағы осы өзекті мәселелердің шешімі жылдам табылса екен.</p> <p><a href="mailto:bozay.akimiyat@mail.ru">bozay.akimiyat@mail.ru</a></p>	<p><b>Құрметті Бозай ауылдық округі әкімшілігі!</b></p> <p>Сарыағаш ауданы, Бозай а\о қарасты Тентексай елді мекенінің оңайлатылған дамыту схемасы аудандық мәслихатының 26.12.2017 ж. №18-202- VI шешімімен және Бозай елді мекенінің дамыту схемасы 24.07.17ж, №13-152- VI санды шешімімен бекітілген.</p> <p>Атап айтқанда жоғарыда аталған елді мекендердің толық жоспарлармен қамтылғандығын мәлімдеймін.</p>

Жеке кәсіпкер А.Тұрмаханбет 21.05.2014 жылғы №4028 санды сату сатып-алу келісім шарты негізінде ОҚО Ордабасы ауданы, Темірлан ауылы 107 квартал, кадастрлық нөмірі 19-293-107-1925 мал базары құрылысы үшін алаңы 0,1110 га жер учаскесіне жеке меншік құқығымен сатып алған.

2015 жылдың наурыз айының 30 жұлдызында Темірлан ауылының тұрғындары Б.Н. Шайырбаев, А.А. Абжапбаров, Р.Құрманбектің Ордабасы аудандық ветеринария бөліміне және аудандық прокуратураға Қажымұқан ауыл округі, Темірлан ауылы, Шымкент-Самара тас жолы бойында орналасқан жеке кәсіпкер А.Тұрмаханбеттің мал базарына қатысты кемшіліктерді жою өз дәрежесінде орындалмауына байланысты жазған арыздарында көрсетілген мән-жайлардың негізін қарау барысында заң бұзушылық орын алғанын, осы мал базарына қатысты Ордабасы аудандық аумақтық инспекцияға хат жолданып, 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 99100 (тоқсан тоғыз мың бір жүз) теңге айыппұл салынған.

Бұған қоса, жеке кәсіпкер А.Тұрмаханбет өзіне тиесілі Темірлан ауылы 107 квартал, кадастрлық нөмірі 19-293-107-1925 мал базары құрылысы үшін алаңы 0,1110 га жер учаскесінен тысқары 16 шаршы метр жер учаскесіне қой ұстау изолятор ғимаратын, 16 шаршы метр жер учаскесіне әжетхана ғимаратын және 20,1 шаршы метр жер учаскесіне мал дәрігерлік ғимараты құрылысын сәйкестендіру құжаттарын рәсімдемей заңсыз пайдаланғандығын Оңтүстік Қазақстан облысының жер қатынастары және жердің пайдалануы мен қорғалуын бақылау басқармасы анықтап Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 136 бабына сәйкес жалпы 594600 (бес жүз тоқсан төрт мың алты жүз) теңге айыппұл салған.

Тұрмаханбет Бауыржан Амангелдіұлының 26.02.2016 жылғы ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру туралы аудандық ветеринария бөліміне жазған өтінішіне байланысты 01.03.2016 жылы мемлекеттік ветеринариялық санитариялық бақылаудағы (қадағалаудағы) нысандарды тексеру нәтижесі туралы акт жасалып тексеру барысында анықталған бұзушылықтарды жойғаннан кейін белгіленген тәртіппен ветеринариялық-санитариялық қорытынды берілетіні туралы ұсынымды қоса отырып, объектінің ветеринариялық қағидаларға және талаптарға сәйкес еместігі туралы 03.03.2016 жылы ветеринариялық-санитариялық қорытынды берілген.

Тұрмаханбет Бауыржан Амангелдіұлының 2016 жылдың 08 маусымындағы аудандық ветеринария бөліміне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру туралы жазған өтінішіне сәйкес, мемлекеттік ветеринариялық санитариялық бақылаудағы (қадағалаудағы) нысандарды тексеру нәтижесі туралы акт жасалып, «Жануарларды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы» №7-1/498 бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндігі туралы ветеринариялық санитариялық қорытынды берілген.

Ал, экология инспекторы Е.Ахметовтың іс-әрекетіне байланысты айтылған мәселе бойынша мән-жайды анықтау

20.

Талдау 2018ж  
Мен Тұрмаханбет Амангелді 1980ж.  
Тұрмысқан, Ордабасы ауданы Темірлан  
ауылы М.Әзімов көшесі 107 кварталында  
Шымкент-Самара тас жолы бойындағы  
мал базарында тексерулер жүзеге  
түскеннен бұрын тексерулерден  
өткен қажымұқан қанықым.  
Төрттен кейін конкуренттіл Байсейітов  
Сатыпалдиев бірнеше арада қол  
Қойтыдай ұйымдастырады  
Сондай арада бір 30.01.2015 жылғы  
Аудан экология инспекторы 002-2015ж тіркелі  
13.01.2010ж. мемлекеттік қорғалмау актісін  
балам Тұрмаханбет Бауыржанға  
ақпаратты барлық құжаттарды жіберді  
04.02.2015ж. янағы ертісіне 594600 теңге  
екі протокол екі қостановкеме  
қол қой деп таңд. Қоймаймын деп  
қол қоймасам деп мені меңсестіріп ала  
Бұл айыппұлды сіз төлемейсіз, қарсаң  
деген сөз қол қойдым өйткені  
өзіне сенімді едім бұрынғы аудан  
экология М. Бүкішевтің сараналық  
болатын ол сараналықтың күші  
мал базары объектін жөндеуде депті негізі  
делінген

[kz.nureke\\_001@mail.ru](mailto:kz.nureke_001@mail.ru)



		және ол бойынша қандай да бір шешім қабылдау заңға сәйкес жергілікті атқарушы органның құзырына жатпайды.
21.	<p>Сәлеметсіздер ме, жер саласы мамандары! Сіздердің поштаңызды Түркістан газетінің хабарландыруынан алдым.</p> <p>Менің қолымдағы бар құжат осы. Жүйнек ауылдық округіне қарасты "Шекербұлақ " ауылы, Абылайхан 13 үйді 2010 жылы сатып алғанбыз. Жас болдық па ешқандай құжат сұрамаппыз. Сіздерге жолдаған жаздық үйдің планы. Содан бері 7-8 жыл өтсе де құжатын істей алмай жүрмін.</p> <p>Коммуна ауылындағы әкімшілікке барсам, "ген план" жоқ келсе, жасаймыз деумен келеді. Бұрынғы тұрған тұрғындардан сұрасақ ешқандай құжат, шешім болған емес деп айтты. Ал "Оңтүстік Жарықтың" түбіртегі Сағараева Аяғоз деген біз сатып алған адам атынан келіп тұрады. Дәл қазіргі уақытта 3 балам болғандықтан жаздық үй кішілік қылып тұр, сондықтан да 12x10 формасында үй салып төбесін жауып қойдық. Енді салып болғасын, құжатын жасап алғым келеді. Инфрақұрылым жасалса, сіздерге осы жерді біздің атымызға жазатынын ауыл әкімшілігі ескертті. Оған қуанышым шексіз. Осы мәселе қаралса, нұр үстіне нұр болар еді. Қарапайым халыққа қалаға барып келудің өзіне 500тенге кетеді. Бір есікке қол қойдыру үшін қалаға 2-3 рет барып келеміз. Істей алмай, ақыр соңында құжаттың бетіне қарағымыз келмей, қолды бір сілтейміз. Көмектессеңіздер екен!!! Өтініш. байлаыс номерім: Ұлбике - 87475333624, күйеуім Марат- 87076787980</p>	<p style="text-align: center;"><b>Құрметті Ұлбике!</b></p> <p>Жер кодексінің 12-бабы 24-тармағында жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың тізімі анықталған.</p> <p>Олар: жер учаскесіне құқықтар туындайтын, өзгертілетін немесе тоқтатылатын заңдық фактілердің (заңдық құрамдарының) басталғанын растайтын құжат, оның ішінде шарттар, соттардың шешімдері, атқарушы органдардың құқықтық актілері, мұрагерлікке құқық туралы куәлік.</p> <p>Осы Кодекстің 43-бабы 3-тармағына сәйкес, жер учаскесіне жеке меншік немесе жер пайдалану құқығының табысталуына Сіз өтінішке қоса жер учаскесінің болжамды мөлшері, жер учаскесінің орналасқан жері, сұралатын пайдалану құқығы және пайдалану мақсатын көрсете отырып, жер учаскелеріне тиісті құқықтар алу үшін жер учаскесі орналасқан жергілікті атқарушы органына жүгіну қажет екендігін хабарлаймыз.</p>
22.	<p>Мен Ермаков Турсынбай Сабырбаевич Сарыағаш ауданы, Біртілек ауыл әкімшілігінде тұрамын. "Телевышка" елді мекенінен 0,25 га жер сатып алғанмын, құжаттары жоқ, жарық, газ барып тұр. Үй салғанмын, газ, электр сымын өткізейін десем, үйдің құжаттары болмаған соң газ, электрге рұқсат жоқ дейді.</p> <p>Ауыл әкімдігіне барсам, үйіңізде отыра беріңіз сіздей мың сан адам бар, үкімет тарапынан бір шешім шығып қалар дейді. Біз қашанғы күтеміз. Құжат рәсімдеудің басқа жолдары бар ма?</p> <p>Т.Ермаков E-mail: tursynbay.ermakov_57@mail.ru Тел: 8 778 541 80 57 8 771 886 76 25</p>	<p style="text-align: center;"><b>Құрметті Ермаков Турсынбай Сабырбаевич!</b></p> <p>Сіз сатып алған үйіңіздің бұрынғы иесі жер учаскесін өз бетінше иеленіп алған. Сондықтан, құжаты жоқ үйді сатып алғансыз. Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 52-бабына сәйкес үйге (құрылысқа ғимаратқа) меншік құқығы көрсетілген үйлер (құрылыстар, ғимараттар) орналасқан жер учаскесіне заңнамада белгіленген тәртіппен меншік құқығын білдіреді делінген. Сіздің Біртілек ауылдық округі, Телевышка елді мекенінен сатып алған үйіңіздің меншік құқығын сот арқылы танып алғаннан кейін, Біртілек ауылдық округі әкімі тұрғын үйіңіз орналасқан жер учаскесіне тиісті шешім шығаратын болады.</p>
23.	<p>194 квартал тұрғындарының атынан Шағым арыз</p> <p>Біз, Шымкент қаласы 194 кварталдың тұрғындары ұзақ жылдар бойы жер теліміне кезекке тұрып, 2007 жылы Сайрам ауданы әкімінің шешімімен 0.8 соттық жерді жер комитетінен кейбіріміз жеке тұлғалардан заңды түрде сатып алдық.</p> <p>194 кварталдан жер алған 11 тұрғын жердің</p>	<p>Сіздің өтінішіңізде көрсетілген мәселе Жер Кодексінің 167-бабына сәйкес, сот тәртібімен қаралатынын назарыңызға жеткіземін.</p> <p>«Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 1-бабына сәйкес, сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.</p>

мемлекеттік актісін Әділет басқармасы, жер қатынастар басқармасы, халықтық қызмет көрсету орталығына тіркеп, меншік иесі деген құжаттарды алып, жер салығын төлеп, коммуналдық инфрақұрылымдарды тартып, баспаналы болдық.

Кенет, 2017 жылы Тассай мөлтекауданы, Наурыз №35 үйдің тұрғыны Карибов Камал Кадимович 15.12.1946 жыл ИНН 461215300998 жердің яғни 1 гектар жердің өзіне тиесілі екенін айтып сотқа шағымдануда.

Барлығымыз бұл жайттың түбіне үңілсек жағдаяттың шығу мен өрбу динамикасы бізге енді түсінікті болғандай. Сайрам ауданы кезінде 1 г жерді иеленген К. Карибов кезінде туысы Сафаров Нариманмен бірігіп, жерді сатуға уағдаласады. 1 г жерді жекелеп сату үшін мемлекеттік акті қажет болады. Ойын іске асыру үшін, яғни жерге мемлекеттік акті жасату үшін жер комитетіндегі қызметкерлермен өзара келісімге келеді. Жерге шыққан о бастағы құжатты сақтай отырып, жасанды түрде әкімшілік шешімін, жаңа мемлекеттік акті жасатып, жерді 11 бөлікке бөліп 0.8 соттықтан сатады. Олардың қулығынан хабарсыз біз, жерді бүкіл жиған-тергенімізді беріп, сатып аламыз. Тексергенімізде барлығы заңды, қолымызда мемлекеттік акті тұрғандықтан біз ешқандай күмәнданбадық.

Бізге берілген жер теліміне қол қойған барлық тұлғаларды тексеріп, жауапқа тартуыңызды сұранамыз. Атап айтқанда, жер телімінің шешіміне қол қойған Сайрам ауылдық округінің әкімі **У. Бүкірова**, Шымкент қаласының жер қатынастар бөлімі мекемесінің бөлім бастығы **С. Жансейітов** және құжат беруге қатысы бар барлық лауазымды тұлғаларды. Сонда жылдар бойы кезекке тұрып, өз қаржысына жер сатып алып, баспана салған біздің қандай кінәміз бар? Жерін саудалап, кейін сотқа бере бастаған К. Карибовтың ісі алаяқтық болып саналмай ма? Өз жерін екі рет сатып пайда көруді ойлаған К. Карибовтың тиісті жазасын алуын сұранамыз.

Жерге гос актіні туысқандарының атына шығарады. Оған толықтай дәлеліміз бар. Ахмедов Абизар 20.06.1953 жылы туылған. Карибовтың туысы жер кад номері 193091941850. Каримовтың қызы Каримова Ләйлә Камаловна 06.03.1973 жылы туылған. Инн 7303066402395. Кадастр 193091941851. Күйеу баласы Каримов Муслим Мамедоглы. 19.02.1973ж. Инн 730019301942 кад 193091941853. Туысы Сафаров Нарманбек Парманович 24.09.1964. кадастр номері 193091941852.

Бір қалада, көрші мөлтекауданда тұратын

	<p>Карибов өз жеріне үйлердің салынып жатқанын біле тұрып, неге осы уақытқа шейін үндемеді. Неге мемлекетке сол жерлердің салығын төлемеді? Енді үйлер салынғасын тұрғындарға келіп, сот арқылы жеңіп, көп пайда табуды ойлап отырған жымысқы әрекеті әшкереленуін сұраймыз. Оған дәлел, сол көше тұрғындарының бірін сотқа шақырып, сотта жеңіп шыққандықтан, көршіден ақша талап еткен. Сол жеңісіне масайраған К.Карибов екінші көршіні де сотқа шақырып, ақша өндіру мақсатында әрекет етуде. Қазір сот процесі жүруде. Ол жағдаяттың сол көше тұрғындарына дерлік қолданатына көзіміз жетті.</p> <p>Біз Қазақстан Республикасының азаматымыз, барлығымыз дерлік егеменді еліміздің дамуына өз үлесімізді қосып келеміз. Біз өзіміз еңбегімізбен жеткен жерімізді, баспанамызды қорғаймыз!</p> <p>Көше тұрғындары түгел К.Карибовқа барып, көше тұрғындарын сотқа бермеуін сұрадық. Бірақ, ол кісі барлығын сотқа беретін, өз пікірінен қайтпайтынын кесіп айтты.</p> <p>Біз К.Карибов пен оның сыбайластары өз жазасын алуды талап етеміз! Бұл іс біздің пайдамызға шешілуін, жеріміздің өз меншігімізде қалып, заңды бұзғандар өз әрекеті үшін заң алдында жауап беруін сұраймыз!</p>	
24.	<p>Сұрайын деген едім. Қарасу елді мекеніндегі Эльнур тойханасына қарсы беттегі жерден жер телімін алған едік. Оның мерзімі 2018 жылы 30 желтоқсан деп берілген. Сол уақытты қанша жылға созуға болады білуге мүмкіндік болса. Рахмет <a href="mailto:Aksukent84@mail.ru">Aksukent84@mail.ru</a></p>	<p>Жер кодексінің 37-бабы 2-тармағына сай, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, өз міндеттерін тиісінше орындаған уақытша өтеулі жер пайдаланушы (жалға алушы) шарт мерзімі аяқталғаннан кейін, басқа тең жағдайларда, жаңа мерзімге шарт жасасуға басқа тұлғалар алдында басым құқығы болады.</p> <p>Жалға алушы осындай шарт жасасу ниеті туралы жалға берушіні шартта көрсетілген мерзімде, егер шартта мұндай мерзім көрсетілмесе, шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш ай мерзімде жазбаша хабардар етуге міндетті-делінген.</p> <p>Осыған орай, Сіз жергілікті атқарушы органға мерзімін содзыру үшін өтініш білдіруіңіз қажет. Өтініштің қарау мерзімі 30 күнтізбелік күнді құрайтынын атап өтеміз.</p>
25.	<p>Сәлеметсіздер ме? ОҚО Арыс ауданы, Дермене ауылындағы "Архабай баба" шаруашылығының жайылым жерінің шекара қазығын қағып берулеріңізді өтінемін. Шаруа қожалығының иесі Журабеков Сакен Абизович. Тел номерім: 87054584450, 87715942133, <a href="mailto:utkelbaeva75@mail.ru">utkelbaeva75@mail.ru</a></p>	<p><b>Құрметті Журабеков Сакен Абизович!</b></p> <p>Дермене ауылындағы "Архабай баба" шаруашылығының жайылым жерінің шекара қазығын қағып беру өтінішіңіз бойынша, "Архабай баба" шаруашылығының жайылым жерінің тиісті құжаттар топтамасымен бірге «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕ АҚ ОҚО бойынша филиалы «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру» департаментінің Арыс қалалық бөлімшесіне жүгіну қажеттігін түсіндіреміз. «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕ АҚ ОҚО бойынша филиалы «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру» департаментінің Арыс қалалық бөлімшесі бекітілген бағалардың тізіміне сәйкес қызмет көрсетеді.</p>
26.	<p>Ассалаумағалайкум менің сұрағым Бозарық - 3. м/а 10-соттық жер телімім бареді сол жериме там салуга рухсат етпей отыр бас</p>	<p>Жер кодексінің 109-бабына сәйкес, елді мекендердің жерін пайдалану, қалалардың, кенттердің, ауылдық елді мекендердің барлық жері олардың бас жоспарына,</p>

	<p>жоспар бекитілгенсон кирисерсиз деп соны қалай кимнен бимуге болады?  <a href="mailto:abilhanov_1978@mail.ru">abilhanov_1978@mail.ru</a></p>	<p>жоспарлау мен құрылыс салу жобаларына және аумақтың жер-шаруашылық орналастыру жобаларына сәйкес пайдаланылады.</p> <p>Тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы салаларындағы функционалды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсат бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындайды.</p> <p>Алайда, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген мәселе Қалалық уәкілетті органдардың жер қатынастарын реттеудегі құзыреті шектелуіне байланысты жер қатынастары бөлімінің құзырына жатпайды.</p> <p>Осыған орай, Сіз жергілікті сәулет және қала құрылысы бөліміне жүгінуіңіз қажет екендігіңізді хабарлаймыз.</p>
27.	<p>Сәлеметсіздер ме! Аулам ішінде тіркелмей қалған қора-қопсы, сарай және т.б ғимараттарымды қалай заңдастырамын? Қабылдау актын (акт приёмки) қалай аламыз? Үйді сатуға кедергі болып тұр.  <a href="mailto:turemurat_family@mail.ru">turemurat_family@mail.ru</a></p>	<p>Қандай да бір объектінің құрылысын бастау үшін ең алдымен қаланың Бас жоспарына және егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес рұқсат берілген соң жер учаскесіне үй құрылысын жүргізу үшін құрылысқа рұқсат алу қажет.</p> <p>Қазіргі таңда, Сіздің сұрағыңызда көрсетілген мәселелер заңнама талаптарына қайшы келуіне байланысты, салынып біткен жеке тұрғын үйді пайдалануға қабылдау актісін алу мүмкіндігі болмауда.</p> <p>Осыған байланысты, толық ақпарат алу үшін, Сіз Шымкент қаласы, Түркістан көшесі № 11 мекен жайы бойынша орналасқан Шымкент қаласының сәулет және қала құрылысы бөліміне жүгінуіңізге болатындығын атап өтеміз.</p>
28.	<p>Сайрам ауданының Қарасу ауыл округі әкімдігінің 19.05.2014 жылғы №59 шешімімен тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін берілген жер телімінің жеке мешігіме бекітіп беру туралы талап арыз түсірдім. Сол кездегі Сайрам аудандық сотының судьясы Н.Шетенев істі қарауға ешқандай шешім шығара алмаймын, істі қараусыз қалдырды</p> <p>Бұндай жағдай тек менің ғана басымнан өтіп жатқан жоқ. Бірғана Ақсукеңт Ауылында 30-ға жуық, ал, Ақбастау ауылында жүздеген тұрғын үй осындай күй кешуде.  <a href="mailto:078kz@mail.ru">078kz@mail.ru</a></p>	<p>Сіздің өтінішіңізде көрсетілген мәселе Қалалық уәкілетті органдардың жер қатынастарын реттеудегі құзыреті шектелуіне байланысты жер қатынастары бөлімінің құзырына жатпайды.</p> <p>Аталған мәселені толыққанды шешу үшін, Сіз Сайрам ауданының жергілікті атқарушы органына жүгінуіңіз қажет.</p>
29.	<p>Сәлеметсіздер ме. Осы жерді сатып алған едік. Архитектурадан тексерсек парк түседі қызыл сызыққа түскен екен. Енді не істесе болады. Үміттерін алған болатынбыз. Алғаннан сияқтымыз.</p> <p>Не істесек болады көмектесіңіздерші. Бес балалы отбасымыз. Сіздермен жақсы хабар күтеміз деген үміттеміз.8747 559 1263. 87715664308  <a href="mailto:zholdasova.anar@inbox.ru">zholdasova.anar@inbox.ru</a></p>	<p>Жер Кодексінің талаптарына сәйкес, елді мекендердің жерін пайдалану, қалалардың, кенттердің, ауылдық елді мекендердің барлық жері олардың бас жоспарына, жоспарлау мен құрылыс салу жобаларына және аумақтың жер-шаруашылық орналастыру жобаларына сәйкес пайдаланылады.</p> <p>Шымкент қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімімен салынатын нысанның жер учаскесінің Бас жоспарға сәйкестігі, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкестігі анықталып, қорытынды беріледі және алдын ала таңдау актісі жасалады.</p> <p>Шымкент қаласының жер қатынастары бөлімі құрылысы жүргізілетін жер учаскесіне түсетін меншік иелерінің тізімін анықтап, мемлекет мұқтаждары үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы қала әкімдігінің қаулы жобасын дайындайды.</p> <p>Мемлекеттік мұқтаждар үшін мемлекеттік жер пайдаланушыдан жер учаскесін алып қою, оны алып қоюды</p>

		<p>жүзеге асыратын Шымкент қаласы әкімдігінің қаулысы негізінде жүргізіледі.</p> <p>Егер сұратылған жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылса, өзге жер учаскесіне ауыстырып беру мүмкіндігі қарастырылады.</p>
<b>30.</b>	<p>Достық м/а бұрынғы свалканың қоршауын қалып алып тастаймыз. <a href="mailto:samalaishaagerim@gmail.com">samalaishaagerim@gmail.com</a></p>	<p>Достық м/а бұрынғы свалканың орнына саябақ салу жоспарланған. Саябақтың құрылысы аяқталған кезде, свалканың қоршауы алынатын болады.</p>